



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі от «__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

28.02.2018-ғы № 20-8/284 шығыс хаты

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2018 жылғы 1 ақпандағы № ДЗ-29

Құрметті депутаттар!

Сіздердің арнайы мектептерде және мүгедек балаларға арналған сыныптарда сабақ беретін педагогтердің проблемалары туралы депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Оқу құралдарының болмауына қатысты

Бүгінгі күні ерекше білім беруге мұқтаж балалардың саны 147 396 баланы (мектепке дейінгі жастағы – 49 779 және мектеп жасындағы – 97617), оның ішінде 43 695-і мүгедек балаларды құрайды.

Барлығы 100 арнайы мектеп-интернат жұмыс істейді, оқушылар контингенті 14 579 баланы құрайды, сондай-ақ, білім алушылар контингенті 11 352 баладан тұратын 640 жалпы білім беретін мектептің 2379-ы арнайы сынып¹.

«Білім туралы» Заңның 19-бабының 1-тармағына сәйкес арнайы оқу бағдарламалары психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялар ұсынымдары ескеріле отырып жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді.

Бұл ретте арнайы мектеп-интернаттарда және сыныптарда жалпы білім беретін мектептердің, сондай-ақ арнайы оқу бағдарламалары бойынша әзірленген оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдар (ОӘК және ОӘҚ) қолданылады.

Арнайы мектеп-интернаттар мен сыныптарды жалпы білім беретін мектептердің оқулықтарымен қамтамасыз ету 100%-ды құрайды, көру қабілеті бұзылған және ақыл-ойының бұзылуы бар оқушыларды ОӘК-мен ОӘҚ-мен қамтамасыз етуде проблемалар бар (60% қамтамасыз етілген).

Проблема осы санатқа арналған оқулықтарды әзірлеуге және басып шығаруға мамандандырылған баспалардың болмауына байланысты.

¹ Қалған балалар: инклюзивті сыныптарда – 49 947 адам; үйде оқуда – 5849 адам, түзету кабинеттері мен оңалту орталықтарында, колледждерде және жекеменшік ұйымдарда – 11 996 адам, әлеуметтік қорғау жүйесінде – 3894 адам.

Осы мәселе Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2020 жылға дейін кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын жаңартылған мазмұнға көшуді ескере отырып шешілетін болады.

Осыған байланысты, 2017 жылы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) «САТР» ЖШС баспасымен шарт жасасты.

2017-2018 оқу жылында арнайы мектеп-интернаттары мен сыныптарының 1-сынып оқушылары, оның ішінде көру қабілеті бұзылған және ақыл-ойының бұзылуы бар балаларға арналған барлық қажетті оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етілді.

Көру қабілеті бұзылған балаларға және ақыл-ойының бұзылуы бар балаларға арналған оқулықтарды әзірлеуге республикалық бюджеттен 2018 жылға – 298 млн. 814 мың теңге (2,5,7- сыныптар), 2019 жылға – 251 млн. 824 мың теңге (3,4,6,8-сыныптар), 2020 жылға – 251 млн. 824 мың теңге (9,10,11,12-сыныптар) қаражат көзделді.

Сонымен қатар, «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорымен бірлесіп, көзі көрмейтін және нашар көретін балалар үшін 250 тактильді кітап мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарының мектепалды сыныптары (0-сынып) үшін тегін таратылды.

Одан басқа, қазіргі уақытта Министрлік 2019 жылды қоса алғанда, көру қабілеті және ақыл-ойы бұзылған балаларға арналған жаңартылған мазмұндағы оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ды әзірлеу мерзімдерін қысқарту мәселесін қарастыруда.

Осыған орай, көрсетілген шараларды іске асыру арнайы мектептердің оқушыларын қажетті оқу әдебиеттерімен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Спортпен айналысу үшін спорт, еңбек мүкәммалдарының, спорт залдары мен ашық алаңдардың болмауына қатысты

Білім беру ұйымдарын спорт залдарымен, керек-жарақпен және т.б. қамтамасыз ету мектепке дейінгі, орта білім, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен жарақтандыру нормаларына сәйкес² жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша арнайы мектептер, мектеп-интернаттар спорт залдарымен, алаңдармен қамтамасыз етілген, қажетті спорттық жабдықпен жарақтандырылған, шаңғы базалары, жасанды төсемдермен жабылған футбол, волейбол және баскетбол алаңдары, хоккей корттары, гимнастикалық қалашықтар және т.б. құрылған.

Бүгінгі күні 82 арнайы мектеп-интернаттың үлгілік спорт залдары бар, 17-сінде бейімделген үй-жайларды пайдаланылады, жеке спорт алаңының болмауына байланысты 1 жалға алады (*Қызылорда облысының № 6 арнайы мектеп-интернаты*).

Бұл ретте, бейімделген спорт залдары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «*Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар*» санитариялық қағидаларын

² ҚР БҒМ.2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген

бекіту туралы» 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығының талаптарына сәйкес келеді.

Қызылорда облысындағы № 6 арнайы мектеп-интернатының спорт залына қатысты мәселені шешу үшін 2018 жылы «Қызылорда облысында арнайы және инклюзивтік білім беруді дамытудың» 2018-2019 жылдарға арналған Жол картасын іске асыру шеңберінде спорт алаңын салу жоспарланған.

2017 жылы «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорымен бірлесіп, «Бақытты балалық шақ» жобасының шеңберінде барлық 100 арнайы мектеп спорт (*шаңғы және коньки тебу дайындығына, қимылды және спорт ойындарына арналған мүкәммалдар және басқа*), еңбек мүкәммалдарымен (*құрастыру және қол еңбекке арналған жабдықтар, техникалық модельдеу және материалдарды өңдеу үшін құрал-саймандар және тағзы басқа*), оның ішінде арнайы жабдықтармен (*логотренажерлар, Монтессорри кабинеттері, сенсорлық бөлмелер және т.б.*) жарақталды.

Қазіргі уақытта Министрлік арнайы мектеп-интернаттарында спорттық инфрақұрылымды дамытудың шараларын анықтайтын 2017-2018 жылдарға арналған мемлекеттік білім беру ұйымдарында дене тәрбиесін жетілдіру және спорттық инфрақұрылымды кезең-кезеңмен қамтамасыз ету бойынша Жол картасына өзгертулер мен толықтырулар³ енгізуде.

Педагог кадрлардың жетіспеушілігіне, мүгедек балаларды оқыту үшін үйге барып оқытатын педагогтердің жол төлеміне қатысты

Бүгінгі күні арнайы білім беру ұйымдарында 6783 педагог, оның ішінде 600 арнайы білімі бар педагог, 109 психолог, 67 әлеуметтік педагог (*дефектологтар – 324, тифлопедагогтер – 6, сурдопедагогтер – 66, олигофренопедагогтер – 26, логопедтер – 178, психологтар – 109, әлеуметтік педагогтер – 67*) қызмет етуде.

2017-2018 оқу жылының басында арнайы білімі бар педагогтерге қажеттілік 13 бос орынды (*немесе 0,19%*) құраған, бүгінгі күні олар толығымен жабылды.

«Дефектология» мамандығы шеңберінде кадрларды даярлау жалпы 17 жоғары оқу орнында жүргізіледі. Кадрлардың қажеттілігін ескере отырып, арнайы педагогтерді даярлауға мемлекеттік тапсырыс жыл сайын 25 грантқа өсуде (*2014 жылы – 245 грант, 2015 жылы – 265 орын, 2016 жылы – 290, 2017 жылы – 315*).

Аталған мамандық бойынша жоғары оқу орындары студенттерінің контингенті – 4104 адамды, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс – 1009 адамды құрайды.

Барлық педагогикалық мамандықтардың Үлгілік оқу жоспарларында міндетті компоненттерінде 2 кредит көлемінде «Инклюзивті білім беру» пәні қарастырылған, бұл инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалармен жұмыста жалпы пән педагогтерінің құзыретін арттырады.

Сондай-ақ, 5В010800 «Денешынықтыру және спорт» мамандығы бойынша бакалаврларды даярлау оқу жоспарларында «Бейімделген

³ Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 10 тамыздағы № 399 бұйрығымен бекітілген.

денешынықтыру және массаж», «Емдік және бейімделген денешынықтыру» элективті пәндері қарастырылған.

Көрсетілген шаралар жоспарлы түрде арнайы мектеп-интернаттарын кадрлармен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

«Білім туралы» Заңның 8-бабының 5-тармағына сәйкес денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын азаматтар (*балалар*) үшін үйде тегін жеке оқыту ұйымдастырылады.

Үйде оқыту ұзақ емделуге мұқтаж балалар, мүгедек балалар үшін үйде оқытуды қарастырады.

Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша 5849 мүгедек бала үйде оқытылады, оның ішінде 2461 бала уақытша үйде оқытылады. Арнайы мектептерде 2000-ға жуық мүгедек бала оқиды.

Бұл ретте, үй жағдайында оқытуға ауыстырылған, қажет болған жағдайда сыныптағы сабақтарға қатысатын балалар мектептің білім алу процесіне толық қатыса алады.

Арнайы мектептерде білім алатын мүгедек балаларды үйде оқытуда, олардың денсаулығы мен жүктемелердің шектелуі ескеріліп, аптасына 10 сағат көлемінде оқыту жүргізіледі.

Сабақ кестесі оқушылардың ата-аналарының келісімімен құрылады. Бір педагог үйде оқитын оқушыға сабақ кестесіне қарай, орташа алғанда, аптасына 1-2 рет барады.

Сондай-ақ, мүгедек баламен жұмыс үшін арнайы білім беру ұйымдары педагогтерінің негізгі лауазымдық еңбекақысына 30% мөлшерінде үстемеақы қарастырылғанын⁴ атап өткен жөн.

2018 жылғы 10 қаңтардағы Елбасының Қазақстан халқына жолдауында берген тапсырмасына сәйкес ағымдағы жылғы 1 қаңтардан бастап, жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы бойынша оқытуға ауысқан мұғалімдердің еңбекақысы 30%-ға өсті.

Сондай-ақ, 2019 жылғы қазанға дейін педагогикалық шеберлік үшін және/немесе ұлттық біліктілік тест нәтижесінің негізінде санатын анықтаған мұғалімдердің лауазымдық еңбекақысына үстемеақы төлеудің (30%-дан 50%-ға дейін) жаңа кестесін енгізу жоспарлануда.

Баяндалғанды ескере отырып, ерекше білім беруге мұқтаж балалар үшін білім беру жүйесін дамытуға бағытталған жұмыстар жалғастырылатын болады.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев

⁴ «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы қаулысына сәйкес